ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 14 қараша №2301-24-00-2/2908 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Р.Балмуханова,
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаилова болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысының энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекетік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Нишанбаева» басшысы Нишанбаева Аякоз Сапарбайқизи

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. 2805 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор С.Т.Көптілеуов
талап қоюшы өкілі С.А.Мақсотова

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 19 тамызда тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №ГЗ - 509 шарт (келесіде – шарт) жасалған.

Шарт бойынша жауапкер тапсырыс берушіге 30 дана магниттік қосқышты тапсырыс берушінің өтінімі бойынша күнтізбелік 15 күн ішінде, яғни 06 қыркүйекке дейін жеткізуге міндеттеме алған.

Тапсырыс берушімен өтінім веб-портал арқылы жауапкерге 2024 жылы 23 тамызда жолданған.

Талап қоюшы сотқа талап қойып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қою талабының негізі ретінде жауапкердің тараптар арасында жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанын, техникалық ерекшелікке сәйкес келетін тауар жеткізілмегенін көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талап қоюды қолдап, жауапкермен тауар жеткізілмегенін көрсетіп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкермен сотқа талапқа қарсы пікір жолданбаған.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ, келмеуі себептерінің дәлелділігі жөнінде сотқа мәлімет берген жоқ және істі өзінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырысын кейінге қалдыруды өтінген жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің (әрі қарай – АПК) 196-бабының 4-бөлігін басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көзделген мерзімде сотқа тиісті талап қоюмен жүгініп, міндетін орындаған.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған, яғни талап қоюшы шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылған.

Мұндай жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын сот негізді деп таниды және талап қанағаттандырылуға жатады.

Жауапкерден Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117-бабының талабына сәйкес, мемлекет кірісіне 1846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

2. АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 17.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 18.12.2024, судья Саудабаев А. Б., 19.12.2024

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес, тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда, орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы талабын нақтылап, сотқа табысталған есепке сай жауапкерден міндеттеме орындалмаған 17 күнге есептелген 2805 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Сот, талап қоюшының есебін тексеріп, оның дұрыс жасалғандығын айқындады.

Бұл жағдайда, жауапкерден талап қоюшының пайдасына 2805 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талаптың бөлігі қанағаттандырылуға жатады.

АПК-тің 109-бабына сәйкес жауапкерден талап қоюшының пайдасына 84 теңге мемлекеттік баж төлеуге жұмсалған сот шығыстары өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 196, 109,117, 223-226,229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысының энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекетік кәсіпорнының жеке кәсіпкер «Нишанбаева» басшысы Нишанбаева Аякоз Сапарбайқизин мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Нишанбаева» басшысы Нишанбаева Аякоз Сапарбайқизи мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Нишанбаева» басшысы Нишанбаева Аякоз Сапарбайқизинан «Атырау облысының энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекетік кәсіпорнының пайдасына 2805 (екі мың сегіз жүз бес) теңге тұрақсыздық айыбы, 84 (сексен төрт) теңге сот шығысы өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Нишанбаева» басшысы Нишанбаева Аякоз Сапарбайқизинан мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы

Құжатқа қол қойылған: Балмұханова А. Р., 17.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 18.12.2024, судья Саудабаев А. Б., 19.12.2024
2301-24-3-1/3141

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья к/қ А.Р.Балмуханова
Көшірмесі дұрыс
Төраға А.Б.Саудабаев
Шешім заңды күшіне 18 желтоқсан 2024 жылы енді.
Төраға А.Б.Саудабаев

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 17.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 18.12.2024, судья Саудабаев А. Б., 19.12.2024
2301-24-3-1/3141